

**Қарағанды облысы білім департаментінің Шахтинск қаласы білім бөлімінің
«Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ
Педагогикалық әдеп кеңесі отырысының
№2 Хаттамасы**

«22» 05 2023 ж.

Толық атауы: Қарағанды облысы білім департаментінің Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейі» КММ Педагогикалық әдеп кеңесі

Орналасқан жері: Шахтинск қаласы, Ленинградская көшесі 52А құрылысы.

Өткізілген орны: Ә.Бөкейханов атындағы тарихи-өлкетану мұражайы

Педагогикалық әдеп кеңесінің мүшелері:

1. А.Б.Жексембекова - төрайымы
2. А.Жунусова
3. А.Карасартова
4. А.М.Уманова
5. Р.К.Есенбаева
6. А.Нави
7. З.Тусивақын

Хатшы – А.Тилеубекқызы

Күн тәртібі:

1. Педагог және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен танысу мерзімін бақылау. А.Нави
2. Педагогтардың сабақтастығын сақтау бойынша мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс. Р.К.Есенбаева
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсанындығы №293 – IV ҚРЗ. А.Нави
4. Мектептегі тәртіп ережелерін сақтау туралы бұйрықты орындау. Р.К.Есенбаева

Тындалды:

1-мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Нави сөйлеген кезде Ә.Бөкейханов атындағы мектеп-лицейінің педагогтары және қызметкерлері жұмысқа тұрған кезде лауазымдық міндеттерімен таныстырылған, екінші данасын алған туралы кол қойылған. Сонымен қатар өзгерістер болған жағдайда қосымша лауазымдық міндеттер тағайындалған. Жалпы мамыр айында 92 ұстаздың және 29 қызметкерлердің лауазымдық міндеттері тексерілді.

ШЕШІМІ:

1. Жұмысқа қабылданған кезде педагог және қызметкерлердің лауазымдық міндеттерімен уақытымен таныстырылсын.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жок» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

2-мәселе бойынша кеңес мүшесі Р.Есенбаеваның баяндауында педагогтардың сабақтастығын сақтау бойынша мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыстарының құжаттарын қараған кезде сабақтастық жұмыстары дұрыс ұйымдастырылған. Бастауыш сынып пен негізгі буын, негізгі буын мен жоғары буын арасында негізгі

пәндер бойынша, мысалы математика 4, 5 сыныптар арасында көбейту кестесі, оқу шапшандығы, сөз қоры алынып, оны жиындарда талдау арқылы сабақтастық жүргізіліп жатқаның айтып кетті.

ШЕШІМІ:

2. Педагогтардың сабақтастығын сақтау бойынша мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмысы әрі қарай жалғастырылсын.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

3-мәселе бойынша кеңес мүшесі А.Нави педагогикалық ұжымды 2019 жылғы 27 желтоқсандағы «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен таныстырылғаны, оны құқық білім беру кезінде әр баптарға, әсіресе 15-бап, педагогтің міндеттері мен жауапкершілігіне тоқтап кеткені туралы айтып кетті.

ШЕШІМІ:

3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсанындығы №293 – IV ҚРЗ орындалуы басты назарға алынсын.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

4-мәселе бойынша кеңес мүшесі Р.Қ.Есенбаева өз сөзінде педагогтер, қызметкерлер және оқушылар мектепішілік ішкі тәртіппен ережесімен қыркүйек айында таныстырылғаны және педагогтар және қызметкерлер арнайы журналға, 1-11 сынып оқушылары танысу парағына қолдары қойылғаны туралы айтып кетті.


ШЕШІМІ:

4. Жаңадан қабылданған педагог, қызметкер, оқушылар мектепке келген кезде мектепішілік ережемен таныстырылып, қолдары қойылсын.

Дауыс берді:

- «Иә» - 7
- «Жоқ» - 0
- «Қалыс қалды» - 0

Төрайымы
Хатшы



А.Б.Жексембекова
А.Тилеубекқызы